

**Павлодар педагогикалық университеті және
Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі
арасындағы пікірсайыс қозғалысын дамыту ынтымақтастығы туралы
МЕМОРАНДУМ**

«23» қыркүйек 2021 ж.

«Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ (ары қарай-Университет) атынан Жарғы негізінде әрекет етуші Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры м.а Ольга Константиновна Андрищенко мен «Павлодар қаласының «Жас дарын» мамандандырылған мектебі» ММ басшысы Жанғазы Гүлнар Садыққызы атынан, әрі қарай «Тараптар», Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР заңдарды және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып, өз құзыреті мен өкілеттіктері шегінде келісімдерге қол жеткізді және келесі Меморандумға (бұдан әрі – Меморандум) қол қойды.

1. Меморандумның мақсаты мен мәні

1.1. Меморандумның негізгі мәні – төменде көрсетілген бағыттар бойынша ынтымақтастық тараптарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, әріптестік қатынастарды орнату және ұзақ мерзімді, тиімді және өзара пайдалы серіктестікті дамыту. Сонымен қатар өзара барлық аспектілер бойынша белгіленген құзырет шеңберінде пікірсайыс қозғалысы жөнінде ақпарат алмасуды жүзеге асыру. Тараптар осы Меморандумды іске асыру үдерісінде өз қызметін

1.2. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай бағыттарын айқындайды:

1.2.1. Павлодар қаласы бойынша Университет пен мектеп арасында қазақ және орыс тілдеріндегі пікірсайыс қозғалысын жетілдіру.

1.2.2. Пікірсайыс қозғалысы арқылы студенттер және оқушылар арасында өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.

1.2.3. Студенттерге және оқушыларға пікірсайыс қозғалысының зияткерлік сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, ақпаратты дұрыс талдауға, командамен бірлесіп жұмыс істеуге үйрететінін насихаттау.

1.2.4. Пікірсайыс қозғалысын ұйымдастыруда озық бағыттар мен жаңа тәсілдерді қолдану.

1.2.5. Мектеп және Университет арасында қалалық, облыстық, және Республикалық пікірсайыс турнирлерін ұйымдастыру.

1.2.6. Ұйымдастырылған пікірсайыс турнирлеріне студенттердің (Университет тарапы) және оқушылардың (мектептер тарапы) жас мамандардың белсенді қатысуын қамтамсыз ету.

1.2.7. Пікірсайыс қозғалысын дамыту жөніндегі ортақ (Университет және мектептер арасындағы) іс-шаралар жоспарын дайындау.

1.2.8. Университет және оқушылар арасында пікірсайысшылардың бірыңғай электрондық дерекқорын қалыптастыру.

1.2.9. Өскелең ұрпақтың мүддесі үшін жағымды ақпаратты жинауға және таратуға бағытталған ақпараттық порталдар мен медиа ресурстарға қолдау көрсету; өзекті сілтемелермен, баннерлермен және ақпараттық материалдармен алмасу.

1.2.10. Пікірсайыс турнирлерін ұйымдастырушы жаққа материалдық-техникалық қолдау көрсету (кабинет бөлу, техникалық аппараттармен қамтасыз ету).

1.3.1. Мектеп оқушылары арасындағы кәсіпкерлік дағдыларды арттыру бағытында, Университет ішіндегі Enactus халықаралық комерциялық емес студенттік ұйымымен серіктестік орнату;

1.3.1. Enactus халықаралық комерциялық емес студенттік ұйымымен тығыз қарым-қатынасты арттырып,

шебер сағаттар мен тренингтерді өткізу, сонымен қатар «Тәлімгерлік» бағытын қолға алу;

2. Ынтымақтастықты ұйымдастыру

2.1. Осы Меморандумды орындау бойынша өзара іс-қимылды үйлестіру үшін Тараптар өз өкілдерінің арасынан байланысқа шығатын тұлғаны айқындауы тиіс.

2.2. Тараптар осы Меморандум бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауда бір-біріне барынша жәрдем көрсетуге ұмтылатын болады.

3. Қорытынды ережелер

3.1. Меморандум мемлекеттік және орыс тілдерінде, бірдей заңды күші бар 4 данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

3.2. Осы Меморандум қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және 3 (үш) жыл мерзімде өз күшінде болады. Мерзім аяқталғаннан кейін Тараптардың өзара келісімі бойынша Меморандум Қосымша келісім жасау арқылы ұзартылуы мүмкін.

3.3. Меморандум Тараптардың бірінің жазбаша хабарлауымен, біржақты соттан тыс тәртіппен, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін және екінші Тарапқа шартты тоқтату туралы хабарлама жіберілген күннен алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

3.4. Тараптар осы меморандум жасасу тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайды, қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соқтырмайды.

4. Құпиялылық

4.1. Тараптар бірлескен қызмет нәтижесінде алынған ақпаратты Тараптардың бірінің жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері және қолдары

«Павлодар педагогикалық университеті»

КЕАҚ

Павлодар қаласы, Мира көшесі, 60

БСН 040340005841

ЖСК – KZ6096650000061536309

КБЕ – 16

БСК – IRTYKZKA

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер
жөніндегі проректоры м.а.


О. Андриюшенко



Павлодар қаласының «Жас дарын»

мамандандырылған мектебі

Павлодар қаласы, Астана көшесі 125

БСН 991040001936

ЖСК – KZ410070102 KSN4501000

КБЕ – 16

БСК – KKMFKZ2A

Мектеп директоры


Г.Жанғазы

